

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Үздіксіз білім беру институты туралы қағида	БҚ 017-2024 01 нұсқа Күні 2024.10.01 12 беттің 1-беті
---	--	--

Бекітілді
«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті» КеАҚ Басқарма
шешімімен




№ 31 «04» 10 2024ж.

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ ТУРАЛЫ

ҚАҒИДА

БҚ 017-2024

Әзірлеген: ҰББИ басшысы
Г.Д. Аубакиров 

Дана № _____

Көшірме _____

Қарағанды

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Үздіксіз білім беру институты туралы қағида	БҚ 017-2024 01 нұсқа Күні 2024.10.01 12 беттің 2-беті
---	--	--

Мазмұны

1 Қолдану саласы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4 Жалпы қағидалар	4
5 Жауапкершілік және өкілеттіктер	4
6 Рәсімнің сипаттамасы	5
7 Құжатқа өзгерістер енгізу	10
8 Келісу және қолданысқа енгізу	10
9 Сақтау	10
А қосымшасы Келісу парағы	11
Б қосымшасы Танысу парағы	12

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Үздіксіз білім беру институты туралы қағида	БҚ 017-2024 01 нұсқа Күні 2024.10.01 12 беттің 3-беті
---	--	--

1 Қолдану саласы

Осы Қағида бөлімшеге оның ұйымдық құрылымы мәртебесін, функционалдық міндеттерін, өкілеттіктерін (құқықтарын) және жауапкершілігін әкімшілік-құқықтық бекіту жөніндегі талаптарды белгілейді.

Бұл Қағида бөлімшенің барлық қызметкерлері өз жұмысында басшылық ету үшін міндетті және бөлімше басшылары мен қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Бөлімше туралы қағида «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ) сапа менеджменті жүйесінің (бұдан әрі - СМЖ) құжаттама жинағына кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Қағидада мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды: МС ИСО 9000: 2015 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі қағидалар мен сөздік.

МС ИСО 9001: 2015 сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар»;

ҚР СТ ISO 9000:2017 (ISO 9000: 2015) «Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі қағидалар мен сөздік»;

ҚР 16-2018 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған процедуралар. Ұйымдастыру-өкімдік құжаттаманы ресімдеу ережесі.

ҚР 23-2018 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсімдер. Кітапхананың ақпараттық ресурстарын басқару.

ҚР V-01-2022 «Құжатталған ақпаратты басқару»

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Қағидада ҚР СТ ISO 9000:2017 (ISO 9000:2015) сәйкес «Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі қағидалар мен сөздік»:

- СМЖАО - сапа менеджменті және аккредиттеу орталығы;
- ӘЗД - Әкімшілік-заң департаменті;
- АМД - академиялық мәселелер жөніндегі департамент;
- ПОҚ - профессорлық-оқытушылар құрамы;
- БҚ - бөлімше туралы қағида;
- НҚ - нормативтік құжаттар;
- СМЖ - сапа менеджменті жүйесі;
- ЗБ - заң бөлімі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Үздіксіз білім беру институты туралы қағида	БҚ 017-2024 01 нұсқа Күні 2024.10.01 12 беттің 4-беті
---	--	--

4 Жалпы қағидалар

4.1 Үздіксіз білім беру институты (бұдан әрі - ҰББИ) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың 01.10.2024 ж. №188 бұйрығына сәйкес құрылған ғылыми-білім беру құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

4.2 Өз қызметінде ҰББИ ҚР қолданыстағы заңнамасын, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік-әдістемелік құжаттарын, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Жарғысын, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Ішкі тәртіп ережелерін, Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрықтарын және осы Қағиданы басшылыққа алады.

4.3 ҰББИ басшысы «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректорының бұйрығымен тағайындалады және қызметтен босатылады.

4.4 Басшы болмаған кезеңде оны ауыстыру «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

4.5 Үздіксіз білім беру институты «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректорына бағынады.

4.6 ҰББИ-ді қайта ұйымдастыру және тарату «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ бастамасы бойынша Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ҚР заңнамасына сәйкес жабылу себептерін жан-жақты дәлелдей отырып жүзеге асырылады.

5 Жауапкершілік және өкілеттіктер

5.1 ҰББИ туралы Қағиданы әзірлеуге, атап айтқанда оның мазмұнына, құрылымына, ресімделуіне және енгізілуіне ҰББИ басшысы жауапты болады.

5.2 Осы Қағидада көрсетілген процестерді енгізу және басқару үшін ӘЗД директоры жауапты болады.

5.3 ҰББИ туралы Қағиданы Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректормен, ӘЗД директорымен, ЗБ бастығымен, ПОҚ және қызметкерлер кәсіподақ комитетінің төрағасымен келісіледі және «Келісу парағында» (А қосымшасы) ресімделеді.

5.4 ҰББИ туралы қағида «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқармасының шешімімен бекітіледі.

6 Рәсімнің сипаттамасы

6.1 ҰББИ-дің ұйымдық құрылымы қызметкерлердің келесі штаттық
Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Үздіксіз білім беру институты туралы қағида	БҚ 017-2024 01 нұсқа Күні 2024.10.01 12 беттің 5-беті
---	--	--

лауазымдарымен ұсынылған: басшы, басшының орынбасары, әдіскер, ғылыми қызметкер, аудармашы.



1-сурет - Үздіксіз білім беру институтының құрылымы

6.2 Негізгі функциялары мен міндеттері

6.2.1 ҮББИ-дің негізгі функциялары:

- құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыру үшін «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ПОҚ инженерлік-педагогикалық әлеуетін жетілдіру;

- еңбек нарығының кәсіби даярлық деңгейіне қоятын талаптарының артуына және республика экономикасын дамытудың қазіргі заманғы жағдайларында инновациялық технологияларды игеру қажеттілігіне байланысты басшы кадрлардың, өндіріс мамандары мен білім беру саласы қызметкерлерінің білімдерін жаңарту, тереңдету жағдайларын қамтамасыз ету;

- университет студенттеріне, магистранттарына, ПОҚ және қызметкерлеріне, сондай-ақ шарттық негізде бөгде ұйымдар мен азаматтарға қазақ, орыс, ағылшын және басқа да шет тілдерін үйренуге байланысты білім беру және өзге де қызметтерді ұсыну;

- университет басшылығы мен құрылымдық бөлімшелеріне кездесулер,

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Үздіксіз білім беру институты туралы қағида	БҚ 017-2024 01 нұсқа Күні 2024.10.01 12 беттің 6-беті
---	--	--

келіссөздер жүргізу, делегацияларды сүйемелдеу үшін техникалық, ғылыми және өзге де құжаттамаларды, сондай-ақ аудармашылардың қызметтерін сапалы және уақтылы аударуды ұсыну;

- өз қызметі саласында тәуекелдерді басқару процесін жүзеге асыру, оның ішінде:

- макроорта факторларының өзгеруіне негізделген тәуекелдерді сәйкестендіру, құжаттау, бағалау және бақылау;

- тәуекелдерді азайту жөнінде ағымдағы іс-шаралардың тиімділігін бағалау негізінде оларды іске асырудың немесе ағымдағы іс-шаралар болмаған жағдайда негізгі кезеңдерін және жауапты тұлғаларды нақты көрсете отырып, оларды барынша азайту мақсатында бақылау рәсімдері бойынша ұсыныстарды және тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді қоса алғанда, ҰББИ тәуекелдер мен бақылаудың тіркелімі мен картасын әзірлеу;

- қажетті ілеспе ақпаратты қоса алғанда, анықталған және іске асырылған тәуекелдер бойынша есептерді ұсыну.

6.2.2 ҰББИ келесі мәселелерді шешеді:

- ғылыми-зерттеу қызметі саласында: кәсіптік білім беру саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу;

- білім беру қызметі саласында: инженер-педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыру; «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ профессорлық-оқытушылар құрамы үшін оқыту семинарларын ұйымдастыру және өткізу;

- халықаралық ғылыми байланыстарды орнату және дамыту және т. б.;

- қосымша білім беру қызметтерін коммерцияландыруға бағытталған қызметті жүзеге асыру;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ мамандықтары бойынша білім беру қызметтерінің өсуін қамтамасыз ету;

- заманауи білім беру технологияларын енгізу, сондай-ақ нарық конъюнктурасын және білім беру қызметтерін тұтынушылардың талаптарын есепке алу негізінде оқу процесі сапасының өсуін қамтамасыз ету;

- материалдық-техникалық және зертханалық базаны дамытуға, оқу процесін заманауи зертханалық жабдықтармен және компьютерлік техникамен қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

- ҚР МЖМБС талаптарына және тұтынушылардың талаптарына сәйкес оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету деңгейі мен сапасын арттыру;

- бөлімшенің жарнамалық қызметі негізінде тиісті курстардың тыңдаушыларын қабылдаудың өсуін қамтамасыз ету;

- біліктілікті арттыру курстарын өткізу кезінде ПОҚ белсенділігі мен орындаушылық тәртібін арттыруға жәрдемдесу;

- тыңдаушылардың тілдік даярлық деңгейін арттыру, жалпы, ғылыми және кәсіби тақырыптағы сөйлеуді тыңдау дағдыларын дамыту, кәсіби қарым-қатынас саласында ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту, кәсіби сипаттағы

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Үздіксіз білім беру институты туралы қағида	БҚ 017-2024 01 нұсқа Күні 2024.10.01 12 беттің 7-беті
---	--	--

мәтіндерді ауызша және жазбаша аудару, аннотациялау және рефераттау дағдыларын жетілдіру, түйіндеме, негіздеме, ғылыми зерттеулер жасауды, мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа да шет тілдерінде іскерлік және ғылыми хат алмасуды қоса алғанда, жазбаша дағдыларға үйрету;

- сырт ұйымдардың өкілдері мен тілдік даярлық деңгейі әртүрлі шетелдіктер үшін қазақ, орыс, ағылшын және басқа да шет тілдерін оқыту жөніндегі топтарды құру;

- сырт тапсырыс берушілеріне, оның ішінде жеке және корпоративтік клиенттерге техникалық, ғылыми және өзге де құжаттамаларды аудару жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ кездесулер, келіссөздер жүргізу, делегацияларды сүйемелдеу үшін аудармашылардың қызметтерін ұсыну;

- мыналарды қамтитын халықаралық қызметті ұйымдастыру: техникалық және гуманитарлық ғылымдардың басым салаларында кәсіптік бағытталған сипаттағы бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында халықаралық жобаларға қатысу; шетелдік әріптестермен бірлесіп оқу материалдарын әзірлеу және кәсіптік мақсаттар үшін іскерлік құжаттаманы іріктеу; жобалар мен келісімділік арқылы өзара қолайлы жағдайлар негізінде таяу және алыс шетелдердің жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыстарды іздеу және дамыту; кәсіби тақырыптар саласында халықаралық кездесулер, семинарлар, консультациялар өткізу;

- әдістемелік жұмысты орындау, оның ішінде: оқу материалдары мен ақпараттық ресурстарды оқу процесінде пайдалануды қамтамасыз ету үшін оларға кабинет жасақтау; шет тілдері бойынша іскерлік курстарды әдістемелік сүйемелдеуді әзірлеу (тапсырмаларды пысықтайтын кіріс және қорытынды тесттер); әдістемелік консалтинг (оқыту технологиялары бойынша консультациялар, клиенттердің мақсаттарын ескере отырып курстарды әзірлеу); компьютерлік оқыту бағдарламаларын қоса алғанда, шет тілдерін оқыту саласындағы ғылыми-әдістемелік өнімді әзірлеу, редакциялау және сараптау; мемлекеттік және шет тілдерінің оқытушылары үшін тағылымдамалар, семинарлар, педагогикалық тренингтер мен курстар өткізу; шет тілдерін оқыту саласындағы негізгі мамандарды: бағдарламалар мен курстарды, оқу-әдістемелік өнімдер мен тілдік тестілерді әзірлеушілерді кәсіби дамыту.

6.3 Құқықтары мен міндеттері

6.3.1 ҰББИ инновациялық білім беру технологиялары мен заманауи инженерлік педагогиканың озық тәжірибелері негізінде «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ПОҚ-ты кәсіби дамытуға бағытталған жұмыстарды орындауға міндетті.

6.3.2 Өз қызметінде ҰББИ төмендегілермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады:

- университеттің ЭҚЖБЕ департаментімен қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқу шарттарын ресімдеу, оқу ақысын төлеуді бақылау мәселелері бойынша;

- әкімшілік-заң департаментімен біліктілікті арттыру курстарына ПОҚ

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Үздіксіз білім беру институты туралы қағида	БҚ 017-2024 01 нұсқа Күні 2024.10.01 12 беттің 8-беті
---	--	--

кандидатураларын келісу, ПОҚ курстары бойынша оқыту нәтижелерінің мониторингі және сертификаттау мәселелері бойынша;

- кіріс ғылыми тағылымдамаларды ұйымдастыру мәселелері бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім басқармасымен;

- қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқу мәселелері бойынша университет кафедраларымен;

- сапалы білім беру қызметтерін көрсету үшін университеттің құрылымдық бөлімшелерімен, кафедраларымен;

6.3.3 ҮББИ қызметіне жалпы басшылықты басшы жүзеге асырады, оның міндеті:

- ҮББИ даму стратегиясын анықтау (қызметтің перспективалық бағыттары мен өзекті міндеттері);

- ҮББИ-дің негізгі міндеттерін орындау арқылы мақсатқа жетуді қамтамасыз ету;

- ағымдағы басшылықты жүзеге асыру;

- ҮББИ-дің ағымдағы қызметін ұйымдастыру (жұмысты жоспарлау, ҮББИ қызметіне байланысты қаржы қаражатының түсуі мен жұмсалуды бақылау);

- қосымша білім беру қызметтерін коммерцияландыруға бағытталған ҮББИ қызметін ұйымдастыру;

- қызметкерлердің міндеттерін анықтау және олардың функционалдық міндеттерін орындауды бақылау;

- ҮББИ-дің жұмысы туралы есеп беру.

- тиісті бейіндегі мамандарды даярлаудың түрлі мерзімдері мен деңгейлеріндегі ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге ұйымдармен, заңды және жеке тұлғалармен шарттар жасасуды және орындауды қамтамасыз ету;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ кафедраларының ғылым докторлары, профессорлары мен жетекші доценттері және өндіріс мамандары қатарынан біліктілікті арттыру курстарын жүргізу үшін жоғары білікті профессорлық-оқытушылар құрамын қалыптастыру;

- электрондық пошта, әлеуметтік желілер арқылы және «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ сайты арқылы ақпарат беру жолымен жарнама қызметін ұйымдастыру;

- өз мамандарын оқытуға жіберетін білім беру саласының өндірістік кәсіпорындарымен және мекемелерімен байланыстарды нығайту және кеңейту бойынша жұмыс жүргізу;

- ҚР оқу орталықтарымен және біліктілікті арттыру мекемелерімен олардың оң жұмыс тәжірибесін пайдалану үшін шығармашылық байланыстар орнату;

- ҮББИ қызметкерлері үшін оқу-материалдық базаны нығайту, дамыту және салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізу.

6.3.4 ҮББИ өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті университеттің құрылымдық бөлімшелерінен сұрауға құқылы.

6.4 Лауазымдық жауапкершілік

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Үздіксіз білім беру институты туралы қағида	БҚ 017-2024 01 нұсқа Күні 2024.10.01 12 беттің 9-беті
---	--	--

6.4.1 ҮББИ басшысы мен қызметкерлері ҮББИ-ға жүктелген құқықтар мен міндеттерді уақтылы және сапасыз орындағаны үшін жауап береді;

6.4.2 Құрылымдық бөлімше өзінің функционалдық міндеттерін орындамаған жағдайда, ҮББИ басшысы мен қызметкерлерінің жауапкершілігін Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректор айқындайды.

6.4.3 ҮББИ басшысы ЕҚ және ӨҚ бойынша бұрышқа бақылауды жүзеге асыруға, алғашқы дәрігерге дейінгі көмек қобдишасын толықтыруға, бөлімшеде тазалық пен тәртіпті сақтауға жауапты болады. Жауапкершілік дәрежесін Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректор айқындайды.

6.5 Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

6.5.1 Ақпараттық қамтамасыз ету «Құжатталған ақпаратты басқару» ҚР V-01-2022 негізінде жүзеге асырылады.

6.5.2 ҮББИ-ді материалдық-техникалық қамтамасыз ету мынадай дереккөздер есебінен жүзеге асырылады: мемлекеттік бюджет және бюджеттен тыс қаражат; гранттар; ҮББИ құзыретіне кіретін белгілі бір жұмыс түрлерінің тапсырыс берушілері аударатын қаражат; демеушілер мен қайырымдылық ұйымдары бөлетін қаражат.

6.5.3 ҮББИ қызметіне арналған қызметтік үй-жайларды институт қызметінің түрлеріне сәйкес басшылық ұсынады.

6.6 ЖОО-ның басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау

6.6.1 ҮББИ өз міндеттерін орындау мақсатында университеттің түрлі құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады:

- білім беру қызметі шеңберінде кафедралармен;
- қаржы қызметі шеңберінде ЭҚЖБЕ департаментімен;
- ҮББИ кадрларымен қамтамасыз ету жөніндегі әкімшілік-заң департаментімен;
- ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпараттық технологиялар департаментімен;
- ҮББИ қызметіне сәйкес басқа бөлімшелермен байланыс.

6.7 Қызметкерлерді ынталандыру

ҮББИ қызметкерлерін көтермелеуді университет басшылығы Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректордың тиісті ақпаратын ұсыну негізінде жүзеге асырады.

7 Құжатқа өзгерістер енгізу

7.1 ҮББИ туралы Қағидаға өзгерістер енгізу Басқарма мүшесі-Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректордың рұқсаты бойынша ғана жүргізіледі және міндетті түрде оның қолы қойылған құжаттамамен ресімделеді. ҮББИ туралы қағиданың өзгертілген нұсқасынан

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Үздіксіз білім беру институты туралы қағида	БҚ 017-2024 01 нұсқа Күні 2024.10.01 12 беттің 10-беті
---	--	---

алынған парақтар өзгерістер енгізуге рұқсат беру туралы құжатпен бірге сақталады.

7.2 Кадрлар бөліміне сақтауға тапсырылған ҰББИ туралы қағидаға өзгерістер СМЖ ҚР 1 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

7.3 Сақтауға берілген ҰББИ туралы қағиданы өзгерту туралы хабарлама шығаруға КБ басшысы құқылы.

7.4 Түпнұсқаға және көшірмелерге өзгерістер енгізу үшін КБ басшысы жауапты болады.

8 Келісу және қолданысқа енгізу

Осы Қағиданы келісуді Басқарма мүшесі-Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректор, ӘЗД директоры, ЗБ бастығы, ПОҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы және қызметкерлер жүзеге асырады және «Келісу парағында» (А қосымшасында) ресімделеді.

9 Сақтау

ҰББИ туралы қағида ҰББИ қызметкерлерінің назарына «Танысу парағында» (Б қосымшасы) ҰББИ туралы қағиданың түпнұсқасында және көшірмесінде қол қою арқылы жеткізіледі. Танысу туралы қол қойылған бекітілген ҰББИ туралы қағиданың ескерілген данасы ҰББИ-ге беріледі, ал түпнұсқасы ӘЗД кадр бөлімінде сақталады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Үздіксіз білім беру институты туралы қағида	БҚ 017-2024 01 нұсқа Күні 2024.10.01 12 беттің 11-беті
--	--	---

А қосымшасы
(міндетті)

Φ. 01-2024

Келісу парағы

[illegible]

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Үздіксіз білім беру институты туралы қағида	БҚ 017-2024 01 нұсқа Күні 2024.10.01 12 беттің 12-беті
---	--	---

Б қосымшасы
(міндетті)

Φ. 02-2024

Танысу парағы

[illegible]